

БӨЛІМ: БАЛАБАҚША

Сабын көпіршіктерімен ойын

<p>ЖАРИЯЛАНДЫ 02.07.2020</p>	<p>ТІРЕК СӨЗДЕР ата-анаға кеңес, ата-анамен жұмыс, бала дамуы, балабақша, балабақша әдістемесі, балабақша бағдарламасы, балабақша қазақша, балабақша тәрбиешісі, балалар дүниесі, балалар ойыны, балалар тәрбиесі, балалар үшін, балалармен жаттығу, балалармен жұмыс, балалармен тәрбие, баланың дамуы, дамыту ойындары, ерте даму, ерте оқу, креативті тәрбие, қимылды ойындар, логопед, мектепке дейінгі тәрбие, ойын әдістемесі, педагогика, сенсорлық даму, сөйлеуді дамыту, тәрбие және оқыту, тәрбиеші, тіл дамыту</p>	<p>СІЛТЕМЕ https://bilimgger.kz/77906/</p>
---	--	---

II кіші тобына арналған

ұйымдастырылған оқу әрекетінің технологиялық картасы

Тақырыбы: «Сабын көпіршіктерімен ойын» (ауладағы жазғы ойын әрекеті)

Мақсаты:

1. Балаларға сабын көпіршіктерімен ойнау ережелерін үйрету;
2. Терең дем алу, дем шығару жаттығуларын ойын арқылы дамыту;
3. Қауіпсіздік ережелерінің қарапайым қағидаларын есте сақтауға, достарна қамқор бола білуге тәрбиелеу.

Қостілділік компонент (сөздік жұмыс): сабын көпіршіктері –мыльные пузыри; вредно –зиян; туған күн –день рождения; құттықтау –поздравить.

Керекті материалдар: Бала басына сабын көпіршіктері, «Туған күн» сюжеттік ойыны.

Қызмет-кезеңдері	Тәрбиеші әрекеті	Балалардың әрекеті
------------------	------------------	--------------------

<p>Мотивациялық — қозғаушылық</p>	<p>Тәрбиеші балаларды ертіп, ауладағы күркеге жақындап келгенде, көңілсіз отырған Айгүл атты қуыршақты байқап қалады. -Балалар Айгүл қуыршақ неге көңілсіз отыр екен? -Қалай көңілін көтерсек екен?</p>	<p>Балалар оқиғаны білуге назар аударады. Олар ойланады. -Біз таптық, оған мереке жасайық.</p>
<p>Ұйымдастырушылық-ізденістік</p>	<p>(оқиға әрі қарай күркеде өрбиді) — Айгүл неге сенің көңіл күйің жоқ? Айгүл үндемейді. -Көне ,балалар Айгүл неге көңілсіз екенін сұрайық.....</p> <p>-Жоқ, балалар, Айгүл ауырып тұрған жоқ екен, бүгін Айгүлдің туған күні, ал оны ешкім құттықтамаған екен. -Ой, Айгүл біздің балалар білмей қалды, сен ренжіме саған балалар керемет мереке жасайды. -Бірінші біз қуыршақ Айгүлге арнап ән саламыз:</p> <p>— Енді балалар, құттықтау тілектеріңді білдіріңдер.</p> <p>— Балалар Айгүл сендерге алғысын білдіріп жатыр.</p> <p>Балалар, біз қуыршаққа арнап ән салдық, жақсы тілектер айттық, енді ойын ойнайық: — Балалар сендер қандай ойын ойнауды ұсынасыңдар?</p> <p>— Балалар Айгүлге тосын сый жасайық: Бір, екі, үш! (тәрбиеші сабын көпіршігін қолдану ережесін айтып өтеді)</p> <p>— Балалар қандай тамаша ,біз бүгін Айгүл қуыршақтың мерекелік көңіл-күйін туғыздық. Ол риза болып қуанып қалды. Рахмет сендерге!</p>	<p>Ойланады. Айгүлге сұрақтар қояды. — Қай жерің ауырып тұр? — Суық су іштің бе? — Әлде біреу ренжітті ме? — Онда саған не болды?</p> <p>Балалар келіседі.</p> <p>Балалар қуыршақ Айгүлді ортаға алып шеңбер бойлай тұрады. «Қаравай» — әуеніне салып ән айтады.</p> <p>Балалар өз тілектерін білдіруге тырысады: — Айдай әдемі бол! — Күндей сұлу бол! -Ақылды бол! -Достарың көп болсын! -Айгүл сен ешқашан ауырма!</p> <p>— «Үрпек төбет», «Күн мен жаңбыр»,«Пойыз»- ойындарын ойнауды ұсынады.</p> <p>Балалар шеңбер бойлап тұрады,қуыршақты ортаға алады. Барлық бала сабын көпіршігін алып үрлеп қуыршақты қуантады.</p>
	<p>Сергіп дем аламыз: Қуыршақ, қуыршақ тұршы, Бетіңді жушы, Айнаға қарашы, Шашыңды тарашы.</p> <p>Сөздік жұмыс:</p>	<p>Балалар қуыршақты ортаға алып шеңбер бойынша отырады. Әндете отырып, қимылдарды қайталайды.</p> <p>Сабын көпіршіктері –мыльные пузыри; вредно –зиян; туған күн –день рождения ; құттықтау –поздравить.</p>

Рефлексиялық— түзетушілік	<p>-Балалар, Айгүл неге көңілсіз екен?</p> <p>— Біз Айгүлдің көңілін көтеру үшін біз не істедік?</p> <p>-Мереке сендерге ұнады ма?</p> <p>-Иә, балалар сендер бүгін мерекеге өте белсенді араласып өз достарыңа керемет сый жасадыңдар. Рахмет!</p>	<p>-Айгүлді туған күнімен ешкім құттықтамады.</p> <p>— Өлең, тақпақ айттық, тілек білдірдік.</p> <p>-Қызықты ойындар ойнадық.</p> <p>-Сабын көпіршіктерімен тосын сый жасадық.</p> <p>-Иә, мереке бізге қатты ұнады.</p> <p>Балалар қуанып қалады.</p>
	Мереке әрі қарай жалғасады (аулада көңілді билер биленеді, дербес ойындар ойналады)	Балалар риза болады, қуанды. Балалар әр түрлі ойындар ойнап, би билейді.

Күтілетін нәтиже :

Біледі: терең дем алып және дем шығару арқылы, сабын көпіршіктерімен ойнау ережелерін;

Игереді: қауіпсіздік ережелерінің қарапайым қағидаларын;

Меңгереді: байланыстыра сөйлей отырып, өз ойларын білдіруді; достарына қамқор болуды.

ҚМ АА Күәлік нөмірі: **KZ45VPY00102718** — ҚР Мәдениет және Ақпарат министрлігі

© 2026 **Bilimger.kz** Ақпараттық-танымдық білім порталы. Барлық мазмұн авторлық құқықпен қорғалған.